

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 30 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 7 қаңтар N 1013 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 30 шілдедегі № 360 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2012.07.30 N 360 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес және Республикалық ұланның құрылымын одан әрі жетілдіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Республикалық ұланның ұйымдық құрылымын және әскери қызметшілерінің, жұмысшылары мен қызметшілерінің жалпы штат санын айқындау туралы" 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 30 Жарлығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықтың қосымшасында:

"Әскери бөлімдер" деген жолда "1442" деген сан "1634" деген санмен ауыстырылсын;

"Соның ішінде мерзімді қызметтің әскери қызметшілері" деген жолда "401" деген сан "580" деген санмен ауыстырылсын;

"Барлығы" деген жолда "1558" деген сан "1750" деген санмен ауыстырылсын.

2. Осы Жарлық 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті